

ТОҒЫЗБАЕВ АСЫЛБЕК ТОҚМЫРЗАҰЛЫ – ЖЕТПІСКЕ ТОЛУЫНА ОРАЙ



ТЕҢДЕУДІ ҚҰРУ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ

«Бала кезіндегі қол жетпес арманың бәрібір санаңның бір бұрышында тұрады» (психологтар пайымынан)

Ол - математик болуды армандады. Мектепті өте жақсыға бітірді. Бірақ арманды тұрмыс билеп кетті. Әке – өмірден кетті, шеше - науқас болды. Иек артар ағасы, мұның алдағы өмірінің жолын өз қолымен сызып, дәрігер болуды аманаттады.

1967 жылы Ақтөбе мемлекеттік медицина институтының «емдеу ісі» факультетіне түсіп, оны 1973 жылы бітіріп шықты. Студент болып, кітапхана есігін күзетуді ғана арман етпей, Ақтөбедегі облыстық балалар ауруханасының хирургия бөлімінде қосымша орта медициналық қызметкер болып жұмыс жасады.

Диплом қолда, елге оралды. Жас маманды облыстық ауруханаға анестезиолог-реаниматолог дәрігері етіп жіберді.

Ол ерте келіп, кеш қайтты. Тынымсыз мінезі бар нәрсені білуге ұмтылды. Ол, мүмкін санадағы қалған теңдеулердің шешімін табу қызығушылығы болар. Әйтеуір көп ұзамай-ақ, ұйымдастырушылық қызметке, яғни қан құю бөлімшесінің меңгерушілігіне ауыстырылды.

Жас,... бір бала қолда, бір бала арбада. Ерте тұрып соларды балабақшаға жетелейді. Бар зейіні жұмысқа асығады. Көп білгісі де келеді. Бір күні сол кезде облыстық денсаулық сақтау бөлімін басқарып отырған Ернияз

Омарұлы қызметке шақырды. Мүмкін бұл шақыртуды тылсым бір байланыс десе де болар. Себебі, үлкен қызметтегі Ернияз Омарұлы таңғы жеті жарымда жұмысқа келе жатқанда, бала бақшаға асыққан жігітпен қарсы кездесетін еді.

Осылайша, кейіпкеріміз Тоғызбаев Асылбек Тоқмырзаұлы 1982 жылдан 1990 жылға дейін облыстық аурухана бас дәрігерінің ұйымдастыру-әдістемелік ісі бойынша орынбасары болып қызмет атқарды.

Ол – ең бірінші, денсаулық сақтау саласында ақаусыз жұмыс жасау үшін емдеу-алдын алу ұйымдары қызметіне компьютер арқылы талдау жүйесі тәсілдерін қолданысқа енгізді. 1982-1995 жылдарда Арал теңізі мен Байқоңыр космодромының халық денсаулығына экологиялық әсерін зерттеуге қатысты. Кейіннен осы зерттеу деректері Кеңестер Одағының Коммунистік партиясы мен Министрлер Кеңесінің «Арал теңізі өңірінде экологиялық және санитарлық ахуалды түбегейлі жақсарту туралы» Қаулысының қабылдануына негіз болды.

Ізденімпаз, жігері бар, көзі қарақты, «мен, деп» сұранып тұрған маманға 1990 жылы Жаңақорған орталық аудандық ауруханасының бас дәрігері қызметі сеніп тапсырылды.

Ескі аурухананың ескі орындығына жайғасқанда көңілі құлазып сала берді. Аурухана ішін аралып шықты. Су жоқ, әжетхана далада, кір қолмен жуылады екен.

Формула алдында, шешуін өзің тап. Мүмкін х-ты, у-пен алмастырып көрерсің. Ол сөйтті де. Шаруашылықтан бастады. Ескі қабырғаларды жаңалап, емделуге жағдай жасады. Аралас жандармен сыйласа жүріп, су келтірді, жылы су, кәріз, жылу қазандықтары, су құбырлары, жарық санитарлық талапқа сәйкестендірілді. Кешегі қолмен жуылған төсектер, автоматты түрде жуылатын болды. Асханаға жоғары вольтты плиталар келді.

Ол - аудандағы денсаулық сақтау ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсартуға барынша күш салды. Қашанда теңдеудің екінші жағына қарап жүретін әдетінен танбады. Жас дәрігерлерді жанына жинап, оларды өзге қалаларға оқуға жіберді. Оның бір ғана мақсаты болды, ол - медициналық қызметтің алдыңғы әдістерін енгізуге, ауыл тұрғындарының жоғары дәрежедегі көмекке қол жеткізілуіне күш салу еді. Аудандық ауруханада эндоскопиялық және ультрадыбыстық зерттеулер кабинеттері ашылды. Иммунопрофилактика жұмыстарын сапалы жүргізе отырып, балаларға вакцинация жасау арқылы жұқпалы аурулардың және өлім көрсеткішінің 2 есе төмендеуіне ықпал жасады.

Жаңақорған ауданында қызмет еткен 4 жыл ішінде тері-венерология ауруханасы, стоматологиялық емхана, жедел жәрдем бөлімі, 6 төсектік реанимация бөлімшесі ашылды.

Сол кезеңдегі облыс басшысы Сейілбек Шаухаманұлы мен аудан басшысы Ибрагим Абибуллаевқа шығып, босаған аудандық атқару комитетінің ғимаратын сұрады. Ғимаратқа тар жерде отырған аудандық емхана орналастырылды. Аудандық туберкулезге қарсы күрес диспансері қора-жайы ыңғайландырылған, көгалдандырылған, жылу, су жүйесі мәселелері толық шешілген жаңа ғимаратқа көшірілді. Түгіскен, Сунақ ата, Юбилейный елді мекендерінде медициналық құрал жабдықтармен, жедел жәрдем көлігімен қамтамасыз етілген дәрігерлік амбулаториялар ашылып, аудандағы әйелдер босануы көрсеткішінің өте жоғары деңгейде екенін көрсете отырып, 100 төсектік перзентхана құрылысының ірге тасы қаланды. Екі жылда, ауданға 11 санитарлық автокөлік жаңадан алынды. 15 жас маман дәрігер жұмысқа тартылды.

1994-1997 жылдар аралығында облыстық аурухана бас дәрігерінің кеңес беру диагностикалық орталығы бойынша орынбасарлығына қайта шақырылды.

Облыстық аурухана бас дәрігерінің кеңес беру диагностикалық орталығы бойынша орынбасары қызметі кезінде Арал теңізі мен Байқоңыр космодромының экологиялық әсерінен туындаған ауруларды ерте анықтау, кадрлар сапасын арттыру мәселелеріне айрықша көңіл бөлді. Генетикалық бөлім және радио-иммунологиялық зертхана, компьютерлік томограф кабинеті мен психотерапевтік бөлімше ашылып, компьютерлік томограф алынды. Бұл заманауи медицинаның алғы шарттары еді.

1997 жылы ғаламда жаңадан келген індеттің себеп-салдарын жеңілдететін орталықтың, облыстық ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтың бас дәрігері қызметіне тағайындалды. Бұл – ғалам назарын аударған тың сала еді.

Үшбұрыштың бір қабырғасының квадраты қалған екі қабырғасының квадраттарының қосындысына тең болса, онда үшбұрыш тік бұрышты болады немесе Пифагор теоремасын қайта қарау керек.

Ол - басымдықты эпидемиологиялық және зертханалық бақылау жұмыстарына берді. 20 қызметкермен жұмысын бастаған орталық 10 жыл ішінде 3 есеге көбейді. Мамандар біліктілігін арттыруға күш салды. Мәскеу, Санкт-Петербург, Польша мемлекетінің Краков қалаларындағы орталықтарға дәрігерлерін жіберіп, білім көтеріп, тәжірибе алмасты.

Мінез-құлқы қатерлі топ өкілдері арасында профилактикалық жұмыс жасауға бағытталған «Сенім пункттері», жыныстық қатынас арқылы таралатын ауруларды анықтау және емдеу мақсатында қалалық емханаларда «Достық кабинеті» ашылды. Иммуны тапшылығы синдромының алдын алу шараларын пәрменді жүргізу, диагностикалау жұмыстарын жақсарту мақсатында қажетті қондырғыларымен қамтылған зертханасы бар, Шиелі, Қазалы аудандарында орталықтың филиалдары мен барлық аудандарында психо-әлеуметтік кабинеттері құрылды.

Облыстық әкімдік жанынан ЖИТС-тің алдын алу жөніндегі үйлестіру кеңесі құрылды. А. Тоғызбаевтың белсенді басшылығымен ЖИТС орталығы «ЮНИСЕФ», «Сорос-Қазақстан», «ЖИТС, туберкулез, безгекке қарсы күрес жөніндегі» халықаралық қорлар грантын жеңіп алып, халықтың мінез-құлқы қатерлі топ өкілдері арасында «Зияндылықты сейірту», жастар мен жасөспірімдер арасында «Жастар салауаттылығы» бағдарламаларын жүзеге асырды. Соның нәтижесінде облыста індеттің ахуалы тұрақталып, халықтың мінез-құлқы қатерлі топ өкілдері мен жастардың ақпараттану деңгейі өсті.

Асылбек Тоқмырзаұлы бұл теңдеудің бір шешімі, скрининг жүргізу жұмыстары бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеп, өзекті тақырыптарда 10 рет ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастырды.

2008 жылдан бастап қалалық аурухананың бас дәрігерлігіне тағайындалды. Дәл осы қызметке келгенде ғана, «**тағдыр**» деген тіркестің байыбына барды.

Себебі, сонау жылдары жекешеленіп кеткен аурухананың еш талапқа сәйкес келмейтіндігі анық еді. Ол – бірінші рет, өз өмірінің 1-ден 0-ге дейін, 0-ден 1-ге дейінгі аралықта жүретінін сезінді. Алғашқы қадамды аурухананың материалдық-техникалық базасын жақсартуға бағыттады. Жоғарғы органдар алдына мәселені бірнеше рет көтеріп, күрделі жөндеу жұмысына қомақты қаржы бөлгізді.

Аурухананы заманауи талапқа сәйкестендірді. Соңғы үлгідегі эндовидеохирургиялық лопароскоп, ангиографиялық-рентгенологиялық аппарат, гистероскоп, заманауи ота жасайтын столдар, наркоз беретін және оттегімен демалатын аппараттар, компьютерлік томограф, медбике мен наукастарды байланыстыратын электрондық байланыс құралы алынып, оттегімен қамтамасыз ету орталықтандырылды.

Зейнетке шығып, 70 жасты еңсерген Асылбек Тоқмырзаұлы қазірде қалалық ауруханада қызмет жасап жүр. Жасыратыны жоқ, осыдан 20 жыл бұрын, кептер ұшып, қарға қонған ғимараттар жұтынып тұр. Ауруханада травматология, хирургия және гинекология саласы бойынша жоғары мамандандырылған оталар жасалуда. Халыққа сапалы медициналық көмек көрсетілуде, тұрғындар риза. Өзі басқарған жылдары, Ұлттық бизнес рейтингтер одағының «Қазақстан көшбасшысы 2013, 2014, 2016» атты марапатына ие болды.

Ол - басшы және ұйымдастырушы, менеджер, шаруашылық иесі, дәрігер болды. Ол білімін – әлемнің бірнеше елінде жүріп көтерді, тәжірибе алмасты.

Қоғамдық жұмыстардың бел ортасынан табылды. «Менің мекемем» деген көзқарастан алшақ кетті. Ол халықтың дауысына құлақ асты. 2012 жылы облыстық мәслихатқа депутат болып сайланып, іргелі істердің жанынан табылды.

Қызылорда қаласының, әсіресе Белкөл, Тасбөгет кенттерінің абаттануына, су-кәріз жүйесі, газ тарту, жол құрылысы мәселелеріне өзінің сүбелі еңбегін қосты. Қаланың білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және дене шынықтыру салаларының дамуына жағдай туғызуға ат салысты.

Жоғарғы санатты денсаулық сақтау саласының ұйымдастырушысы Тоғызбаев Асылбек Тоқмырзаұлы марапат биігінен табылған жан. Ол - 2008 жылы «Құрмет орденімен», Қазақстан Республикасы Президентінің «Алғыс хатымен», Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының «Құрмет грамотасымен», Қызылорда облысы әкімі мен Қызылорда қаласы әкімінің, «Құрмет грамотасымен», Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі, ССРО денсаулық сақтау ісінің үздігі төс белгілерімен және өзге де бірнеше медалдармен марапаталған. Ең үлкен, Сыр халқының денсаулығына көрсеткен қызметі үшін 2018 жылы «Қызылорда қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Адам ұрпағымен мәуелі, бес баладан 15 немере сүйіп отыр. Өмірлік серігі Мирамкүл апа да медицина қызметкері.

Грек математикасында «**берілді - дәлелдеу керек - дәлелі**» теориясы бар. Жетпіс жасқа келген Тоғызбаев Асылбек Тоқмырзаұлының, бала кезіндегі математик болу арманы бәрібір жүзеге асты. Тек дәрігер деген атты қоса меңгере жүріп, бар ғұмырын грек математикасының шартты белгісіне әкелді.

«**Берілді, дәлелдеу керектігін ұғынды, дәлелдеді**».

Нұржамал Бектайқызы

Қызылорда қалалық ауруханасының ұжымы Асылбек Тоқмырзаұлы Тоғызбаевты мерейтойымен құттықтайды, қажырлы еңбегі үшін зор алғыс білдіріп, денсаулық, амандық, әл-ауқаттылық тілейді!